



"Қазақстан Республикасындағы банктерде клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы" Нұсқаулық жайында<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 4 наурыздағы N 61 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 5 мамыр тіркелді. Тіркеу N 307. Нұсқаулықтың атауындағы "Екінші деңгейдегі" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 ~V980659 қаулысымен. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусым N 266 қаулысымен. ~V001199

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік актілерін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. "Екінші деңгейдегі банктерде клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы" Нұсқаулық және қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар құжат нысаны бекітіліп, 1997 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы бекіткен "Қазақстан Республикасы банктерінің мекемелерінде ашылатын есеп айырысу, ағымдағы және бюджеттік шоттар туралы" N 127 Нұсқаулық (1993 жылғы 23 маусымдағы N 16 хаттама) 1997 жылғы 1 сәуірден бастап күшін жойды деп танылсын.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.К.) осы қаулы,

бекітілген Нұсқаулық пен қолдар және мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар құжат нысаны жайында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (бас Алматы аумақтық) басқармаларына хабарласын, оларға осы қаулыны, жоғарыда аталған Нұсқаулықты және қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар құжат нысанын екінші деңгейдегі банктерге хабарлауды міндеттесін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының 1997 жылғы
4 наурыздағы N 61 қаулысымен
бекітілген
(01.04.97 ж. күшіне енгізілген)

Қазақстан Республикасындағы банктерде клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі туралы
Нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

ЕСКЕРТУ. "I бөлім." деген сөздер "1-тарау." деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287

V980659_

қаулысымен.

1. Банктік шот - бұл депозит қабылдау және банк операцияларын атқару жөніндегі банк пен шот иесінің арасындағы:

шот иесіне өз қаржысын кедергісіз пайдалану құқығына кепілдік бере отырып, банктің шот иесіне тиісті қолма-қол ақшаның болуын қамтамасыз етуіне ж ә н е п а й д а л а н у ы н а ;

ақша сомаларын шот иесінің пайдасына қабылдауға (есептеуге); шот иесінің тапсыруы немесе үшінші адамдардың өкімімен ақша және (немесе) аударуға байланысты шарттық қатынастарды көрсету тәсілі.

Жоғарыда көрсетілген операциялардың бәрі жүргізілмейтін шоттар, сондай-ақ банктердегі бухгалтерлік есептің позициясын көрсететін шоттар, баланстық шоттың құрамы болып табылатын жеке шоттар (субпозициялар), оның ішінде несие шоттары банктік шоттар болып табылмайды.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

2. Банктік шоттар теңгемен де, шет елдік валютамен де ашылуы және жүргізілуі мүмкін және жеке адамдар мен заңды тұлғалардың, заңды

тұлғалардың (филиалдар мен өкілеттіктердің) оқшауланған бөлімшелерінің корреспонденттік, ағымдағы және жинақ шоты болып бөлінеді.

Корреспонденттік шоттар - банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктердің және ұйымдардың банктік шоттары.

Ағымдағы және жинақ шоттары - заңды тұлғалардың, заңды тұлғалар мен жеке адамдардың оқшауланған бөлімшелерінің банктік шоттары.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

3. Корреспонденттік шоттарды ашу, жүргізу және жабу ерекшеліктері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жекелеген нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде банктік шоттар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының тиісті қаулысы негізінде заңда көзделген жағдайларда ашылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде банктік шоттар ашу ерекшелігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арнайы нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

2-тарау. Банктік шоттарды ашу тәртібі
ЕСКЕРТУ. "II бөлім." деген сөздер "2-тарау." деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

4. Банктік шоттарды ашу банк пен шот иесі арасында банктік шот шартын немесе банктік салым шартын жасау барысында жүргізіледі.

4-1. Корреспонденттік немесе ағымдағы шотты банктік шот шарты бойынша ашқанда банк шот иесінің пайдасына түскен ақшаны қабылдауға, тиісті ақша сомаларын оған немесе үшінші тұлғаға аудару (беру) жөніндегі өкімді орындауға және осы шартта көрсетілген басқа да қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

Банктік шот шартында мыналар:

- тараптардың реквизиттері;

- шарттың мәні;

- шот иесінің банк берген жеке идентификациялық коды (шот иесін немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған банктік шоттарға өкім етуге шот иесі өкілеттік берген тұлғаны идентификациялаудың өзге де

қ о с ы м ш а

т ә с і л д е р і) ;

- салық қызметі органы берген, құжатта көрсетілген салық төлеуші-шот

иесінің тіркеу нөмірі;

- банктің қызмет көрсету шарты мен оларды төлеу тәртібі көрсетілуі тиіс.

Банктік шот шартында тараптар келіскен өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.12.23. N 287

V980659_

қаулысымен.

5. Банктік шот шартында ашылатын шоттардың түрлеріне және шот иесінің құқықтық субъектісіне қарай заңмен белгіленген қосымша талаптар қамтылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.12.23. N 287

V980659_

қаулысымен.

6. Банктік шот шартын жасау үшін клиентке.

1) Қазақстан Республикасының резиденттері үшін.

Заңды тұлғалар мен олардың ерекше құрылымдық бөлімшелері (филиалдар мен өкілдіктер) үшін:

қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар құжатты (нысаны қоса беріліп отыр);

клиентті салықтық есепке қою фактісін қуаттайтын, салық қызметі

органы берген белгіленген нысандағы құжатты;

шаруашылық жүргізуші объект міндетті зейнетақылық жарналарды төлеуші ретінде тіркелгендігін растайтын, уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі берген, белгіленген нысандағы құжатты;

мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін қуаттайтын, өкілетті орган берген белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесін немесе соған теңестірілген құжаттың көшірмесін;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен куәландырылған жарғы көшірмесін (құрылымдық бөлімшелер үшін - Ереже) жарғы көшірмесін ұсыну қажет.

Жеке тұлғалар үшін:

қолдардың үлгілері бар құжатты;

клиентті салық есебіне қою фактісін қуаттайтын, салық қызметі органы берген белгіленген нысандағы құжатты;

жеке кәсіпкерлер үшін - шаруашылық жүргізуші субъект міндетті зейнетақылық жарналарды төлеуші ретінде тіркелгендігін растайтын, уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі берген, белгіленген нысандағы құжатты;

мемлекеттік жеке кәсіпкерлер үшін тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін қуаттайтын, өкілетті орган берген белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесін көшірмесін;

қажетті реквизиттер тіркелген соң клиентке қайтарылатын жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну қажет.

2) Қазақстан Республикасының резидент еместері үшін.

Заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер үшін:

қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар құжатты;

клиентті (егер бұл клиент салық заңдарына сәйкес салық органдарында тіркеуден өтуге тиіс болса) Қазақстан Республикасында кіріс алу орны бойынша, резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін Қазақстан Республикасында оларды тіркеу орны бойынша салық есебіне қою фактісін қуаттайтын, салық қызметі органы берген белгіленген нысандағы құжатты;

шаруашылық жүргізуші субъект міндетті зейнетақылық жарналарды төлеуші ретінде тіркелгендігін растайтын, уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі берген белгіленген нысандағы құжатты;

резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін - мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін қуаттайтын, өкілетті орган берген белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесін, нотариалды куәландырылған, қазақ және/немесе орыс тілдерінде жасалған тиісті филиал

өкілдік туралы ереженің көшірмесін, филиал немесе өкілдік басшысы сенім хатының көшірмесін ұсыну қажет.

Жеке тұлғалар үшін:
қолдардың үлгілері бар құжатты;

Қазақстан Республикасында кіріс алу орны бойынша клиентті салық есебіне қою фактісін қуаттайтын, салық қызметі органы берген белгіленген нысандағы құжатты;

қажетті реквизиттер тіркелген соң клиентке қайтарылатын жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну қажет.

3) шет елдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктер үшін:

қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар құжатты;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі куәландырған, оның тіркелгенін қуаттайтын белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесін ұсыну қажет.

Ашылатын шоттардың түрлеріне және клиенттің құқықтық субъектісіне қарай банк, егер мұны Қазақстан Республикасының заңдары және банк тікелей көрсетсе, қосымша құжаттар беруді талап етуге құқылы.

Клиент бір банкте бірнеше шот ашқан жағдайда қол қою және мөртаңба үлгілері бар құжаттан клиенттің жеке басын куәлендіретін құжаттан басқа бірінші шотты ашу үшін көзделген құжаттарды қайталап беру талап етілмейді.

6-1. Банктік салым шарты бойынша жинақтық шот ашылғанда банк шот иесінен (салымшыдан) немесе оның пайдасына түсетін ақшаны (салымды) қабылдап отыруға, олар бойынша банктік салым шартында көзделген мөлшерде және тәртіппен сыйақы (мүдде) төлеп тұруға және салымды заң актілерінде және банктік салым шартында белгіленген талаптарға сәйкес және тәртіппен қайтаруға, банктік салым шартында көзделген басқа да қызметтерді жасауға міндеттенеді.

Банктік салым шарты мыналарды қамтуы тиіс:

тараптардың міндеттемелері;

шарттың мәні;

банктің салымшыға берген сәйкестендірілген жеке кодын (салымшыны немесе жинақтық шотқа ие болуға салымшы уәкілеттік берген адамды сәйкестендірудің Қазақстан Республикасының заңдарында тиым салынбаған басқа да қосымша тәсілдері);

салық төлеуші - салымшының салық қызметі органы берген құжатта көрсетілген тіркеу нөмірі;

банктің қызмет көрсету талаптары және оған ақы төлеу тәртібі.

Шартта Тараптар келіскен басқа да талаптар, оның ішінде сыйақы (мүдде) төлеу тәртібі көзделуі мүмкін.

Банктік салым шартын сондай-ақ банк салымшыға немесе оның пайдасына

салым салушыға салынған салымды куәлендіретін құжат (салымдық құжат) беруі жолымен де жасалуы мүмкін. Салымдық құжат банктің ішкі ережелеріне сәйкес және оның талаптары негізінде беріледі. Салымдық құжатты берген кезде банк салымшыдан банктің көрсетілген ережелерін және талаптарын қабылдайтыны туралы жазбаша келісімін алуға міндетті.

Депозиттік сертификат немесе салымшы кітапшасы (жинақ кітапшасы) салымдық құжат болып табылады.

6-2. Банктік салым шартын жасау мыналар үшін берілуі тиіс:

1) Қазақстан Республикасының салымшы-резиденттері үшін:
заңды тұлғалар және олардың оңашаланған құрылымдық бөлімшелері (филиалдары және өкілеттіктері) үшін:

қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжат (нысаны тіркеледі);
клиенттік салық есебіне қойылғандығын растайтын салық қызметті органы берген, белгіленген нысандағы құжат;

шаруашылық жүргізуші субъект міндетті зейнетақылық жарналарды төлеуші ретінде тіркелгендігін растайтын, уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі берген, белгіленген нысандағы құжат;

мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігін растайтын, уәкілетті орган берген, белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесі, немесе оған теңдестірілген құжаттың көшірмесі;

Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен расталған жарғының (құрылымдас бөлімшелер үшін - Ереженің) көшірмесі;
жеке адамдар үшін:

қол қою үлгісі бар құжат;
клиенттік салық есебіне қойылғандығын растайтын салық қызметі органы берген, белгіленген нысандағы құжат;

жеке кәсіпкерлер үшін - шаруашылық жүргізуші субъект міндетті зейнетақылық жарналарды төлеуші ретінде тіркелгендігін растайтын, уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі берген, белгіленген нысандағы құжат;

жеке кәсіпкерлер үшін - мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігін растайтын, уәкілетті орган берген, белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесі;
жеке басты куәлендіретін құжат, ол қажетті деректемелер тіркелгеннен кейін

клиентке қайтарып беріледі.

Егер пайдасына салымды әке-шешесі немесе басқа заңды өкілдер салатын шоттың иесі он төрт жасқа толған, бірақ кәмелетке толмаған адам болса, әке шешесінің немесе басқа заңды өкілдердің жеке басын куәлендіретін құжат және шот иесінің тууы туралы куәлік беріледі, олар қажетті деректемелер тіркелгеннен кейін клиентке қайтарылады.

2) Қазақстан Республикасының резидент емес-салымшылары үшін:

заңды тұлғалар, филиалдар және өкілдіктер үшін:
қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар құжат;
клиенттің Қазақстан Республикасының кіріс алатын орны бойынша, резидент емес-заңды тұлғалардың филиалдары және өкілеттіктері үшін - олардың Қазақстан Республикасының тіркелген орны бойынша (егер бұл клиент салық заңдарына сәйкес салық органдарында тіркеуден өтуге тиіс болса) салық есебіне қойылғандығын растайтын, салық қызметі органы берген, белгіленген нысандағы құжат;

шаруашылық жүргізуші субъект міндетті зейнетақылық жарналарды төлеуші ретінде тіркелгендігін растайтын уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі берген, белгіленген нысандағы құжат;

резидент емес-заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін - мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігін растайтын, уәкілетті орган берген, белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесі, тиісті филиал немесе өкілеттік туралы ереженің көшірмесі және нотариалды сендірілген және мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жазылған филиал немесе өкілеттік басшысы сенімхатының көшірмесі;

жеке адамдар үшін:
қол қою үлгісі бар құжат;

клиенттің Қазақстан Республикасындағы кіріс алатын орны бойынша салық есебіне қойылғандығын растайтын, салық органы берген, белгіленген нысандағы құжат (егер бұл клиент салық заңдарына сәйкес салық органдарында тіркеуден өтуге тиіс болса);

жеке басты куәлендіретін құжат, ол қажетті деректемелер тіркелгеннен кейін клиентке қайтарып беріледі.

6-3. Банк және салымшы емес адамның арасында банктік салым шартын жасағанда, ондай адам банкке салық төлеуші шот иесінің тіркеу номерін хабарлауға, сондай-ақ банкке мыналарды беруге міндетті:

1) заңды тұлға (филиал немесе өкілдік):

шот иесі болып табылатын тұлғаның салық есебіне қойылғандығын растайтын, салық органы берген, белгіленген нысандағы құжатты;

шаруашылық жүргізуші субъекті міндетті зейнетақылық жарналарды төлеуші ретінде тіркелгендігін растайтын, уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі берген, белгіленген нысандағы құжатты;

мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігін растайтын, уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі берген, белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесін, немесе оған теңестірілген құжаттың көшірмесін;

2) жеке адам:

шот иесі болып табылатын адамның салық есебіне қойылғандығын растайтын

, салық органы берген, белгіленген нысандағы құжатты;
жеке басты куәлендіретін құжатты.

6-4. Шот иесі салым бойынша ақша алуға байланысты банкке бірінші рет өтініш жасағанда, шот иесі банкке осы Нұсқаулықтың 6-2 тармағының 1) немесе 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды беруге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

7. Заңды немесе жеке тұлғаға банктік шоттарды ашу және өкім ету құқығына берілген сенім хат негізінде заңды және жеке тұлғалар банктік шоттарды ашу кезінде банкке:

- шот иесі болып табылатын тұлғаны есепке қою фактісін қуаттайтын, салық қызметі органы берген құжаттың көшірмесін;

- шаруашылық жүргізуші субъект міндетті зейнетақылық жарналарды төлеуші ретінде тіркелгендігін растайтын, уәкілетті мемлекеттік органның бөлімшесі берген, белгіленген нысандағы құжатты;

- заңды тұлғалар жарғысының, ал жеке тұлғалар - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады;

- қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар құжатты (егер бар болса);

- шоттарды ашу және өкім ету құқығына берілген сенімхатты ұсынуы тиіс.

Бұл жағдайда шот иесі осы сенім хатты беруші тұлға болып табылады.

Зандарға немесе құрылтай құжаттарына сәйкес банктік шоттар ашуға өкілетті жеке тұлғадан сенімхат талап етілмейді.

Банкте операциялар жүргізуге сенімхаттың нысаны және беру тәртібі банк шығаратын арнайы ережелермен белгіленуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

8. Банктер ағымдағы уақытша шотты, ал Қазақстан Республикасы заңдарында көрсетілген жағдайларда - уақытша шот мәртебесіндегі жинақтау және басқа шоттарды жаңадан құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталды төлегенін растайтын құжатты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде беруге міндетті жаңадан құрылған заңды тұлғаның Құрылтайшысына (құрылтайшыларына) немесе оның (олардың) уәкілетті адамына ашады.

Ағымдағы уақытша шотты (уақытша шот мәртебесіндегі жинақтау немесе басқа шотты) ашу үшін банкке қол қою және мөр (егер бар болса) таңбасы үлгілері бар құжат беріледі.

Бұл құжаттар осы Нұсқаулықта белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді.

Ағымдағы уақытша шот (уақытшалық мәртебесіндегі жинақтау немесе өзге шот) алпыс күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ашылады.

Мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін заңды тұлғаға ағымдағы (банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға корреспонденттік) шот ашылады.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

9. Заңды тұлғалар, филиалдар немесе өкілдіктер ұсынатын қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар құжаттарда бірінші қол қою құқығына басшы немесе ол өкілдік берген өзге тұлға ие болады. Екінші қол қою құқығы бас бухгалтерге немесе басқа өкілетті тұлғаға беріледі. Бұл өкілеттіктер тиісті заңды тұлғалар, филиалдар немесе өкілдіктер басшыларының бұйрықтары негізінде беріледі. Егер заңды тұлғаның, филиалдың немесе өкілдіктің штатында екінші қол қою құқығы берілуі мүмкін тұлға болмаса, құжатты банк бірінші қолдың бір үлгісімен қабылдайды.

Арнайы мақсаттарға арналған мөрлер бедерлемелерінің үлгілерін қабылдауға тыйым салынады.

Банк қолы мен мөр таңбасы бар құжатқа нотариалдық куәлікті немесе банктік шот иесінің құрылтайшысы болып табылатын жоғары тұрған органның не ұйымның куәлігін талап етуге құқылы. Нотариалды кеңселері жоқ елді мекендерде қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілерін жергілікті атқарушы өкімет органдары куәландырады.

Шот иесі қол қою құқығын уақытша басқа тұлғаға(ларға) берген жағдайда шот иесі куәландырған қолдардың үлгілеріне сәйкес уақытша құжат ресімделеді.

Қолдардың немесе мөрлер бедерлемелері үлгілерінің кез-келген біреуі ауыстырылған кезде банкке осы Нұсқаулықта көрсетілген тәртіппен куәландырылған қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар жаңа құжат ұсынылады. Қолдар мен сөрлер бедерлемелері үлгілерінің ауыстырылған құжаттары шот иесінің іс қағазына тігіледі.

Шот ашу үшін клиент ұсынған қолдар мен мөрлер бедерлемелерінің үлгілері бар құжаттар данасының қажетті санын банк белгілейді. Мұндайда бір данасы ұдайы банктің тиісті операция жүргізетін қызметкерінде, екіншісі - шоттың тиісті иесінің іс-қағазында болуы керек. Қалған даналар банктің ішкі ережелерінде белгіленген тәртіппен сақталады.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

10. Банктер клиенттің талап етуі бойынша шот иесінің банктік шоттарды

ашуына, жүргізуіне, жабуына байланысты ықтимал тәуекелі және олар бойынша операциялардың тоқтап қалу мүмкіндігі туралы ақпараттар беруге міндетті.

11. Заңды тұлға атауын ауыстырған, мөрін жоғалтқан немесе оның тозығы жеткен жағдайда банк шот иесіне жаңа мөр дайындау үшін қажетті уақыт беруге құқылы. Мөр дайындау кезеңінде банк пен шот иесі шартта көрсетілуге тиісті шот иесінің мөрінсіз төлем құжаттарын ресімдеу тәртібін белгілейді.

12. Банктік шоттарды ашқаннан кейін 10 банктік күн ішінде банктер бұл жайында тиісті салық қызметі органдарын хабардар етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.12.23. N 287

V980659_

қаулысымен.

13. Шот ашу үшін клиент ұсынған құжаттар шарт қолжазбасымен бірге әрбір шот иесі бойынша арнайы жүргізілген іс қағазына тігіліп, банкте сақталады.

14. Заңды және жеке тұлғалар банктік шотты ашқан күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде барлық кредитор-банктерді жазбаша міндетті түрде хабардар ете отырып бірнеше банкте банктік шоттар ашуға құқылы.

3-тарау. Банктік шоттарды жүргізуге (банктік шоттар
бойынша операциялар жасауға) қойылатын
жалпы талаптар

ЕСКЕРТУ. "III бөлім." деген сөздер "3-тарау." деген сөздермен
ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23.
N 287

V980659_

қаулысымен.

15. Банктік шоттар бойынша операцияларды банк:

- шот иесінің тапсырмасы;
- шот иесі акцептеген үшінші тұлғаның талаптары;
- шот иесінің акцептік заңдарға сәйкес талап етпейтін үшінші тұлғаның талаптары;

- егер ол шарт жағдайына және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, шот жүргізуші банк өкімі негізінде жүргізеді.

15-1. Уәкілетті банкте ашылған резидент емес-банктің корреспонденттік шоты арқылы жүзеге асырылатын ақша аударулар мен төлемдер тек аударым тәртібімен жасалады.

ЕСКЕРТУ. 15-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

16. Шот иесінің пайдасына жаңылыс ақша қабылдау (есептеу) фактісі анықталған жағдайда осы қатені жою мақсатында шот иесінің тиісті тапсырмасынсыз аталған ақшаны алып тастауға (есептен шығаруға) құқылы, бұл шартта көзделуі тиіс.

17. Банктік шоттар бойынша көшірмелерді беруді шотқа сәйкес банктер жүргізеді. Егер шартта көзделген болса, банк шот иесіне олардың шоттары бойынша көшірмелерді электронды немесе жай тәсілмен беру (жеткізу) жөніндегі қызметті ұсынуға құқылы.

18. Банктік шоттар бойынша операцияларды уақытша тоқтату (кірістен басқа) шот иесінің ақшасын тоқтату (кідірту) құқығы бар өкілетті органдардың тиісті шешімдері (қаулылары) негізінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

19. Банктік шоттар бойынша операцияларды жаңарту осы шешімді (қаулыны) шығарған органдардың шешімдері мен қаулыларының мәліметтерін өзгерту туралы тиісті өкілетті органдарды жазбаша хабардар ету негізінде жүргізіледі.

20. Осы Нұсқаулықтың 18-тармағында көрсетілген негіздер бойынша олардың банктік шоттары жөніндегі операцияларды уақытша тоқтату нәтижесінде шот иесіне келген зиян үшін банкке жауапкершілік жүктелмейді.

4-тарау. Банктік шоттарды жабу тәртібі
ЕСКЕРТУ. "IV бөлім." деген сөздер "4-тарау." деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287 V980659_ қаулысымен.

21. Банктік шоттарды жабу ашуға негіз болған шарт күшін тоқтатқан кезде, сондай-ақ шот иесінің арызы негізінде жүргізіледі.

Заңды тұлғаны таратқан немесе қайта құрған кезде банктік шоттарды жабу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тиісті нормативтік құқықтық актілерінде көзделген талаптар ескеріле отырып жүргізіледі.

Шот иесінің іс қағазында шотты жабу негіздемесі көрсетілуі тиіс.

Банктік шотты жабу кезінде шот иесінің жеке идентификациялық кодын жою жүзеге асырылады.

Ағымдағы уақытша шотты (уақытша шот мәртебесі бар жинақтау немесе басқа шотты) жабуды банк осы Нұсқаулықтың 8-тармағында белгіленген талаптарды сақтай отырып жүргізеді.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287

V980659_

қаулысымен.

22. Заңды тұлға - шот иесін таратуға немесе қайта құруға немесе заңды тұлғада 1 жылдан астам, жеке тұлғада 3 жылдан астам ақша болмауына байланысты шоттарды жабу жағдайларынан басқа, осы шотқа орындалмаған талаптар болған кезде банктік шотты жабуға тыйым салынады.

Банктік шотта ақша болған жағдайда оны жабуға тиым салынады.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ жаңа азатжолмен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23. N 287

V980659_

қаулысымен.

23. Банктік шотты жапқан соң банк үш күн ішінде тиісті салық қызметі органдарын мен аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерін

жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.12.23. N 287

V980659_

қаулысымен.

V бөлім.

ЕСКЕРТУ. V бөлім алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1998.12.23. N 287

V980659_

қаулысымен.

5-тарау. Қорытынды ережелер

ЕСКЕРТУ. "VI бөлім." деген сөздер "5-тарау." деген сөздермен
ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.12.23.
N 287

V980659_

қаулысымен.

28. Шарттарды орындауға байланысты банк пен шот иесі арасында пайда болған барлық даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК